Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 125-126

ЖАНУАРЛАРДЫҢ АЩЫ ІШЕК ҚАБЫРҒАСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ МОРФОЛОГИЯСЫ

Бариев Қ.

Соңғы жылдары Қазақстанда өнеркәсіп орындары қарқынды дамуда. Ірі өнеркәсіп объектілерінің құрылуы ауаның, топырақтың, судың ластануына және экологияның нашарлауына әсерлерін тигізіп жатыр. Көптеген жылдар бойы жиналған қалдықтардың әрбір үшіншісі токсинді болып табылады. Бұл қалдықтардың көп бөлігі тау кен өндірістерінің, металлургияның, мұнай химияларының және құрылыс материалдарын өндірудегі қалдықтар болып табылады. Түрлі табиғи және техногенді факторлардың кері әсерлерінің нәтижесінде биологиялық алуан түрліліктің, жануарлар санының, табиғи биогеоценоздың биоөнімділігінің төмендеуі байқалуда.

Қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына алғашқы реакция ретінде жануарлардың организміндегі өзгерістерді зерттеу барысында макро- және микроморфологиялық зерттеулер жүргізу, сонымен қатар, ішкі мүшелердің клеткалық және ұлпалық деңгейлерін қарастыру маңызды зерттеулердің бірі болып табылады.

Осыған орай, біздің алдымызға қойылған негізгі мақсатымыз ішектің гистологиялық құрылысын микропрепараттар дайындау арқылы зерттеу.

Ащы ішектің қабырғасы да, басқа түтікше мүшелер сияқты үш қабықтан: кілегейлі, етті және сірлі қабықтардан құралған.

Бірақ, қызметіне байланысты ащы ішектің қабырғасы құрылысында біраз ерекшеліктер болады, атап айтқанда, ащы ішек кілегейлі қабығы құрылысында қорытылған қоректік заттарды сорып сіңіруге арналған құрылымдар болады:

- аш ішек кілегейлі қабығындағы қатпарлар
- пішіні саусақ тәрізді ұзын бүрлер
- кілегейлі қабыққа терең еніп жатқан кірмелер (крипталар)
- эпителиоциттердің апикальды ұшындағы микробүрлер

Өз кезегінде ащы ішектің кілегейлі қабығы төрт қабаттан (ішкі эпителий қабаты, өзіндік тақташа, етті тақташа және кілегейліасты негіз) тұратыны белгілі.

Осы қойылған мақсатымызға жету үшін алдымызға бірнеше міндеттер қойдық:

1 Сүтқоректілердің, оның ішінде қойдың, қоянның ішек-қарындарын және адамның (теория жүзінде) ащы ішектерінің құрылысын зерттеу

2 Ащы ішек қабырғасының морфологиялық құрылысын зерттеу

Зерттеу барысында қолданылған әдістер:

- Ішектердің көлемдерін өлшеу (морфометрия).

- Гистологиялық препараттардан ішектердің микроскопиялық құрылысын зерттеу.

- Суретке түсіру.

Кілегейлі қабықтың ішкі бетіндегі бүрлер мен крипталар бірқабатты призма тәрізді жиекті эпителиймен қапталған. Эпителийдің астында қан және лимфа тамырлары мен жүйкелерге бай борпылдақ дәнекер ұлпалық өзіндік тақташа жатады. Ішек бүрлері эпителий қабаты мен өзіндік тақташадан құралған. Эпителий қабаты өзіндік тақташаға бойлай еніп, крипталарды құрайды. Аш ішек кілегейлі қабығында қорғаныс қызметін атқаратын көптеген лимфа түйіншелері болады.

Ащы ішектің ортаңғы етті қабығы екі қабатта орналасқан бірыңғай салалы ет ұлпасы қабаттарынан тұрады.

Сыртқы сірлі қабық аш ішек қабырғасының дорсальды бетінде тоғысып, борпылдақ дәнекер ұлпалық аралығы бар екі қабатты сірлі қабықтан түзілген ішек шажырқайына айналады. Шажырқай арқылы ішекке қоректендіруші қан, лимфа тамырлары және жүйке талшықтары келеді.

Ғылыми жетекші: в.ғ.к., аға оқытушы А.С.Тожыбаева